


ТАХАҢУ
АҢҒАЛДОР

4





ТАХАҮИ
АХТАНОВ

БЕС ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1984

ТАХАҮИ
АХТАНОВ

ТӨРТІНШІ ТОМ

Роман



АЛМАТЫ «ЖАЗУШЫ» 1984

Каз 2
А 94

Пікір жазған
Е. ДОМБАЕВ

Ахтанов Тахауи.

А 94 Бес томдық шығармалар жинағы.— Алматы: Жазушы.— Т. 4. Шырағың сөнбесін: Роман. 1984.— 416 бет, суретпен көркемд.


Белгілі жазушы Тахауи Ахтановтың бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына «Шырағың сөнбесін» атты романы енді. Романда Ұлы Отан соғысының сұрапыл сәттері суреттеледі. Негізгі кейіпкері Нәзира — жас келіншек офицер күйеуімен бірге Отанымыздың Батыс шекарасында қызмет етеді. Тұтқиылдан басталған жау шабуылына ұшыраған олар қоршауда қалып қояды да, бір-бірінен адасып кетіп, кейін табысады. Осы оқиға романға негіз болып қаланған.

А $\frac{4702230200-119}{402(05)84}$ 5—84

Каз 2

© «Жазушы», 1984

ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН





БІРІНШІ БӨЛІМ

1

Жылқы кісінейді. Қара дауылда дүрліге шапқан қалың жылқының шошынып шыңғыра кісінеген даусы келеді құлағыма. Алды апан ба, ор ма, өн бойын үрей билен алған жануарлар опыр-топыр орғып, шыңғырып кісінен барады. Менің бойымды да қалтыратқан жаман үрей бар. Қалың тұяқтың дүрсілінен жер селкілдейді. Жылқыларды анық көре алмаймын, жүн қаптап қойғандай қою күңгірт, қара қожалақ аспанның реңкінде едірейген құлақтары мен төгіліп толқып баратқан жал құйрықтарының бедерін ғана аңғарамын. Таудан құлаған тасқын сияқты ұмар-жұмар толқын болып ағып барады. Ағыза шапқан айғырлардың алқына шыңғырып кісінеген айқайы шабыстарынан озып, ұзап алысқа кетіп жоғалады. Құлағымда тек тұяқ дүрсілі қалады. Мен де алқынып, шайқалып жылқы толқынының арқасында келемін. Өн бойымда үрей бар. Еміс-еміс есіме келеді, осы үрей қазір ғана лап еткен жоқ. Мына жөңкіле шапқан қалың жылқының зәреңді ұшырған тұяқ дүрсілінен бұрын тұла бойымды жайлап алған. Бірақ ол үрейдің қайдан, неден келгенін ұмытып қалыппын. Қазіргісі тек ажалдан үркіп, әңгіріп жөңкіп баратқан көп жылқымен қоса бір жерде омақата құлаймын ба деген қорқыныш. Бірде шабыс бәсеңдеп тұяқ дүрсілі өлсірегендей болды. Бұранның шудасындай бұйраланып,

жердің еңсесін басып тастаған қою қара аспанды жыртып шыңғырған дауыс естіледі. Дауыс өзгеріп, анықталып келеді. Шұбалта созып, шыңғырып айқайлаған паровоз екен. Қалың жылқы көз алдымнан ғайып болды. Паровоздың айқайлағаны жылқының шыңғыра кісінегеніне ұқсайды екен-ау... Төменгі жақтан көрінбейтін доңғалақтар дүрс-дүрс етіп вагон теңселіп келеді. Басымды желкеме қайырып тартқандай мойным қарысып ауырып қалыпты. Сірә ұзын бұрымым екі жақтан сығылыса жатқан әйелдердің бірінің астында қалса керек. Біреуінің бөксесі бүйірімнен сығып ішімді ауыртып жіберген. Бұрымымды босатып алып жөнделіп жаттым. Бүйірім де кішкене солқылдап, ауырып барып, шым-шымдап басылып, ұйқылы-ояу тәнім балбырап тынышталып келеді. Тәніммен бірге, барлық қорқыныш пен үрей, дүрлігіс-дүрбелең артта қалғанын, үлкен қатерден құтылғанын сезген көңілім де жайбарақат тыныштыққа беріліп, ұйқылы-ояу манаураған күйі, арадағы үрейді аттап өтіп, алдыңғы күнгі тәтті елесті көз алдыма әкеле жатыр.

* * *

Онда қуанып оянып едім. Әлі де арылып болмаған тәтті түсіме алдағы келе жатқан жайдары, жақсы қуанышты үзбей жалғастырғым келіп бұйығып біраз жаттым. Адамның көңілі тоқ, төрт құбыласы түгел болса — ұйқы мен ояудың арасында сондай бір тәтті сәттері болады, оны бірден сілкіп тастап, ұшып тұруға дәтің бармайды. Тек мені елегізйткен бір нәрсе... оң жағым ойсырап бос жатыр. Ойбай-ау, Қасымбек менен бұрын тұрып кетіпті. Күйеуінің өзінен бұрын тұрғаны жас келіншекке жараспайтын-ақ нәрсе. Егер елде, ауылда болсам, жас келіннің әр қадамын баққан, сумаңдаған әйелдердің сүйір тіліне ілінер едім. Мұндай жағдайда мен үшін бір тәуірі біз елден алыста — Батыс Белоруссияда жүрміз. Күйеуім Қасымбек әскери адам, аға лейтенант. Ал, әскер дегеннің заңы өзіне басқа болады екен, күн демейді, түн демейді, кез келген уақытта жөнеле береді. Әрине енді, жай уақытта мен бұрыннырақ оянушы едім, бірақ соңғы кезде Қасымбек менен бұрын тұратын әдет тауып алды. Мен оянып кетіп турегелейін десе де; «Жоқ, сен жата тұр, саған қазір күтіну керек», — деп тұрғызбайды.

Бұрын дәл сондай бір әйел жанды мінезі жоқ, кәдімгідей байсалды-ақ жігіт болатын. Көрінеу көзге ерсі — елпілдеп әйелінің асты-үстіне түсіп, иіліп-созылып киімінді

әлеріп жатпайтын. Орыстың еркектері сияқты су тасып, отын жарып та ұятқа қалдырмайтын. Енді қазір тіпті өзгеріп кетті. Басқасын айтпағанда — таңертең тұрып алып шай қоятынды шығарды. «Қой құрысын, ұяттағы», — десе, «Бұл жер ел іші емес, бізді ұялтатын адам жоқ», — деп дес бермейді. Айтатыны: «саған ауыр көтеруге болмайды».

Ондай ауыртпалықты әзір өз басым сезе қоймасам да, күйеуімнің айтқанына көне салған боп, оған әйелдің жұмысын істетіп қоятын бір жамаан әдет тауыппын. Ондай сәттерде, үш айдап бері өлердей сағынып жүрген ел-жұртымның алыста болғанына шүкірлік етем. Денемнің толысыңқырап кеме жатқаны да рас, қынама көйлектерім құрсағымды қысатынды шығарды. Ертеңгі демалыста қалаға бара қалсақ, кеңірек көйлек іздеп көрмек ойым бар.

Сырттан Қасымбек кірді. Майкішең, пығында сүлгі, жуынып келіпті. Жуынар алдында самаурына су құйып, от тамызып жібергенін де айтпай-ақ біліп жатырмын. Керуеттің шетіне келіп отырып салқын қолымен маңдайымнан, шашымнан сипайды. Денесінен ертеңгі салқын, таза ауаның исі келеді. Маған бір жақсылық айтқысы келе ме, әлде жай көңілі жадырап жақсы оянды ма, қалың ерні дүрдиген атжақты, құба жүзінде, быттыңқырап тұратын кішілеу дөңгедек көзінде болашақ қуаныштың табы бар. Өзім де сергіп жақсы оянып едім, Қасымбектің көзіндегі ұшқын кеудемді жылытып рахаттанып көзімді жұмдым. Салалы ірі қолы маңдайымнан, жағымнан сипайды. Көзім жұмулы болса да, оның еміреніп, телміре қарап отырғанын білемін. Бірақ осындайда адамды бір қатты қысып, құшырланып сүйіп алуға... именшек пе, болмаса сезімге сараң ба?.. Алақаны мұрнымды сипап аузымның үстіне келіп қалды. Саусағынан сүйіп алдым. Қолын бетімнен алмастан Қасымбек ақырын еңкейді де ернінің ұшымен самайымнан сүйді. Мені бір уатылып кететін шөлмек дей ме екен?

Соңғы кезде Қасым тіпті сынайы боп барады. Мен қазір оған полк командирінің үйіндегі хрустальдан жасаған қымбат ваза сияқтымын, командирдің әйелі Елизавета Сергеевна онысына қол тигізбей, жібекпен ғапа сүртетін, Қасым да маған қаттырақ тиіп кетуге қорқады. Енді өзі ғапа емес сөзі де сыпайылашып, бұрынғы қазақылық мінезінен қалып, менің қасым мен қабағымды қапысыз танытын болып алды.

Оның сезбейтіні бір-ақ нәрсе. Мен әлі де күшімдемін. О жер, бұ жерім ауырып, денем ауырлаған жоқ, жар құшағына құштарлығым да кеміген жоқ. Кеміген жоқ деймін-ау, сол құрғыр, мені масқара қылғанда, артыңқырап кетсе де өзі білсін. Қасымбекке онымды сездіруге... қысылам. Әлі күнге дейін екеуміздің бетіміз ашылмаған ба... Бір-бірімізді қанша жақсы көрсек те, арамызда аттап өте алмайтын нәрселер бар.

Ал, маған Қасымбектің осы именшек қалпы да ұнайды. Бір түрлі қызық... Өзі жұмыр денелі әжептәуір ірі жігіт болғанмен ұялшақ бала сияқты. Анау, кішкене пісте мұрнып одан бетер кішірейтіп тұрған, дүрдіген қалың ерпі... Алғашқыда маған ұнамағаны да сол еді. Екі қалың ерін бір-біріне жуыспай ашық тұратын. Ашық ауыз... Адам кейде көріп тұрып соқыр болады екен-ау, қазір қарасам содан сүйкімді ерін жоқ. Жыырма бестен асқан дырау жігітке құдды жас бала сияқты аңқау кескін беріп сүп-сүйкімді етіп тұрған сол ерін. Күлгенде тым жақсы жұқарып, үлкен күрек тістерін жалаңаштап, екі езуіне жаңа туған ай сияқты екі нәзік сызық түседі. Көзім жұмулы болса да біліп жатырмын, Қасымбек маған дәл солай жымия қарайды, көзімді ашып алсам езуіндегі нәзік сызықтарды көрем. Төрт құбылам түгел, жақсы халде жатырмын, осы рахат сәтімді өзгертпей тәтті қиялға елігін жата тұрғым келеді. Көзімді ашып алғанда Қасымбектің шар сияқты дөңес маңдайын көріп, «шашы қаша бастаған жоқ па екен?» деп ойлап қалдым. «Болашақта күйеуім қасқа бас болады-ау» деп уайымдауға — көкірегім рахат тыныштыққа толы еді, тек Қасымбекті жақсы көрдім де қойдым.

— Жаңа майор Масловты көрдім, — деді Қасымбек. — Ертең семьяларымызбен Брестке барып келуге бір машина беретін болды.

Мен үндемей ғапа басымды изедім: қайда барсақ та маған бәрібір, әйтеуір алдымызда жайма-шуақ жақсы күп бар, жадыраңқы көңіл бар.

— Жүк машинасына орындық қойғызатын болды. Отыруға жайлы болады. — Қасымбек мені қуантқысы келген адамша сөйлеп отыр. — Жетпіс-сексен шақырым жер. Ерте шығып кетсек тіпті рахат. Күні бойы қалада болып, қонаға қайтып келеміз. Сонда өзіңе керек-жарағынды да қарарсың.

— Бұрын көрмеген қалам еді, жақсы болды, — дедім Қасымбекті риза қылғым келіп.

— Я, десейші, жап-жақын жерде тұрып, қанша уақыт-

тан бері бір бара алмап едік, — деп Қасымбек менің сөзімді іліп әкетті. — Енді міне, сәті де келді.

Қанша ерке келіншек болсаң да ұятты білу керек, орымпан тұрайын деп басымды көтеріп алып едім, Қасымбек самаурынды қарағысы келді ме, сыртқа шығып кетті. Байқаймын, құрсақты болғаннан бері менің тәнімді көруге қаймығады.

Шай үстінде Қасымбек маған бірдеңе айтқысы келгендей бір-екі рет қарап қойды. Ондайда бір нәрсеге екі ойлы боп қалғанын сезем де, енді қинақтап қинала бермесін деп, сәл қабағымды қозғаймын. Оны өзі түсінеді.

— Қалаға баруға мұрындық боп жүрген біздің Николай көршіміз. «Ертең 22 июньде аттай жпырма беске шығам. Ондай мерекемді атап өтпесем масқара-тағы», — дейді. Жеті-сегіз жолдасын қалада ресторанға апармақ. Өзі де шашылатын түрі бар. Бір айлығымды түгел жұмсаймын дейді. Әрине, өзінің тікелей бастығын ұмыта ма, бізді де шақырып отыр.

Қасымбек іркіліп қалды, көмейін түсіндім.

— Онда біз қандай тарту апарсақ екен? — дедім.

Оның әйелімен ақылдасқысы келгені, менен күткен сұрағы да осы еді, соны айтқызып алған соң, өп-өтірік:

— Ойбай-ау, мен оны ойламаппын-ау. Бәсе не апарсақ екен? — деді.

— Жиған-терген тиынымызды ала барамыз ғой. Қаладан іздерміз, — дедім мен. — Бұл жерден не табамыз.

Шайын ішіп болып киініп жатып Қасымбек «кі-не» деп мырс етті. Ойына қызық бір нәрсе түсіп кеткенде сөйтіп мұрнынан күліп алатын әдеті бар.

— Николай маған шақыратын жолдастарының тізімін көрсетті. Қарап тұрсам кілең келіншегі барлар. Бойдақтан, амалы жоқ, біздің ротадағы екі жолдасын ғана шақырыпты. Светасын тіпті сорақы қызғанады.

Николай Топорков Қасымбектің ротасында взвод командирі, шынашақтай ғана жігіт, кішкене гимнастеркасының жағасында қызыл эмаль жалатқан төрт бұрышты жалғыз кубигі бар — кіші лейтенант. Кішкентай адамдардың көбісі-ақ шелтөндеген пысық болады ғой — бұ да сондай. Шекесі жұмырықтай, сопақ бет, аласа шот маңдай, су ішуге мойнын созған аттың басы сияқты иегі ілгері ұмсынып біткен. Өзінің кескіші-ақ қызық — қит етсе төбелесе кетейін деп тұрған теңтек бала сияқты. Бір-екі рет саптың алдына шыққанын көргенім бар. Кішкентай кеудесін жырта керіп, екі шынтағын ширатып кейін шы-

ғарып, қазандап билей басады. Тұсынан отіп баратқан бәйгеге делбесі қозып, шыдай алмай, жер тарпыш ауыздығымен алысып тұрған тай-құнан сияқты. Бірақ әйтеуір өзі бір нағыз адал жігіт, ар жағында бүкпесі жоқ, не де болса дыз етіп сыртына шыға келеді. Қасымбек оны сонысы үшін ұнататын.

Оның келіншегі Света, орысша айтқанда, менің подругам. Екеуміздің қаншалықты жақын дос екенімізді өзім де әлі мықтап ажыратқаным жоқ. Осында келгенде алғашқы орайласқан адамым сол. Бөлмелеріміз көрші, оның үстіне Қасымбек пен Николайдың қызметі бір. Әрине мінезің жараспай, жұдызың қарсы болса бұл екеуінің бірі де кісіні жақындастыра алмайды. Света екеуміздің мінезіміз жарасты ғой деймін, — жақсымыз.

Света ашпақ, ақсары келіншек. Шашы ақселеуден төрі сәл сарғыштау. Атжақты, ұш жағы өткірленіңкіреп келген жұқа танау қыр мұрынды. Қабағы жұқалаң кішілеу көзі ашық көк пе, әлде жасыл ма, ажырата алмаймын. Қызғылт шалған шикіл оңі — ар жағынан күн көрінгендей нәзік, бүкіл талдырмаш тұлғасында, балапанның түгіндеі ақсары шаңында, биязы ширақ қимылында тал жібектей есілген нәзіктік бар. Еркек тұрсын әйелдерді тартатыны да осы нәзіктігі болар. Ұрғашы болып, өмірінде түтігін ашуланып, шаптығыш бірсудің бетінен алып көрмеген шығар деп ойлаймын.

Өзім әзірге Светаның сабасынан шыққанын көргенім жоқ. Ренжісетін де еш нәрсеміз болған жоқ, бірақ енді, ұрысқақ әйелге сылтау жоқ жерден-ақ табылады ғой. («Есіктің алдын күнде қоқытасың, ылғи мен сыпырам ба?», «Жолға суды кім төккен?», «Самаурынның шоғын өшірмей төгіпсің, үйімізді өртемексің бе?») Светаның бір рахаты, әйел болып ондай ұсақ-түйекке бір күңк етпейді. Мақтанғаным емес, мен де ұрысқақ емеспін. Орысша ұрысуға тілім де шорқақ. Елден, қазақтың даласынан келген адам, кілең орыс әйелдерінің ішінде бөлексініп, қаймығыш жүрем. Бұ жағынан Светамен екеуміз, жолымыз болып, жақсы қосылдық.

Мен қазақшаға да сөзшең емес едім, орысшаға ауысқалы тіпті үндемейтін болып алдым. Света да сөзге саран, бірақ кісі жатырқайтын тұйық емес, ажары ашық, адамға ылғи жылы шыраймен қарайды. «Жүзі игіден түңілме» деген, менің бүйрегім де Светаға қарай бұра береді. Көп сөйлеспесек те, екеуміз үйір болып алдық. Қолымыз бос болса, бірге отырамыз, баратын шаруаға бірге барамыз.

Оның қасында жүргенде жайма-шуақ көктемде далада оңаша келе жатқандай, жаның да жайлы, құлағың да тыныш.

Света күйеуін жақсы көреді. Әрине енді, біреудің ішіне кіріп шығу қиын, бірақ қасында жүрген менің білуімше солай сияқты. Ал Николай болса... оның Светаны жақсы көретіні соқыр адамға да көрініп тұрады. Ол әйелін сүйгенде жай емес, кәдімгідей күйіп-пісіп сүйеді. Кейде өзін қорсынып, бұртандап жоқ нәрсеге өкпелеп таусылып қалса, кейде әйелін мақтанып етіп танауы шелектей болады. Сұңғақ бойлы сұлу келіншегің қолтықтап ап, шынашақтай боп шіреніп баратқан түрін көрсең... тура «іштерің күйсе тұз жалаңдар» деген кескіннің өзі.

Осында келгелі Николаймен жиі араласып, жақындасып кеттік. Байғұс жаман жігіт емес, бірақ күнәкар болсам да, шынымды айтайын: өз басым Светаға Николайды теңсізбеймін. Светаның еркек-ұрғашыны бірдей тартатын ерекше бір лебі бар. Еркектер оны көргенде өңдері жылып, көздері мұнарланып, іштей күрсініп қояды. Нағыз бір ересек, ұстамдылары тамағын кенеп, көзін тайдырып әкетіп, бірақ кімге, қайда қарарын білмей, қипақтап қалады да, аржағында сайтаны барларының, май ұрлаған мысықтай, көздері жылтырап шыға келеді. Жұрт назарын Света сезбейтін сияқты, жайма-шуақ, ақжарқын қалпынан аумамайды. Әрине сезбейтін болар, егер сезе қалса... онда жайбарақат қалпын жоғалтып, мінезі өзгеріп, не іштей тіксініп, бойыма дарытпаймын деп, тәкаппарсын кетер еді, не оңай сиқырмен еліктіріп, жігіттердің ындынын кептіре түсер еді ғой. Дегенмен, тереңінде жатқан, тіпті өзі де білмейтін, бір сиқыры бар шығар. Болмаса, асқан сұлу емес... әлде пәзіктігі ме?..

Бірақ осының бәрін Николай сезеді. Командирлер бас қосқан жерде ұстараның жүзінде отырады. Кейде, сыр алдырғысы келмей, қанша ақжарқын болғысы кеп бақса да, орайын тіпті келтіре алмайды. Әзіл-қалжыңы да орынсыз шығып, даусы дабырлап, өзіп-өзі зорлап күлдіріп, оқыс тұйықталып қала береді. Содан сөзге араласпай, қабағының астынан жұрттың ажарын жіті бағып, әйеліне түсіп кеткен көздерді аңдып отырады. Қара торы жүзінің, шешек дағы ма, бөзеу ме, мен ажырата алмаған қожыры бар, өрі-беріден соң түтігіп, беті тіпті қарайып кетеді. Түрін іп аңдыған мысыққа ұқсатып, кішкене көзі ғана ызалы жылтырайды.

Қасымбек жаца: «Светасын тіпті сорақы қызғанады», —

дегенде, Николайдың дәл осы кескіні көз алдыма келіп тұра қалды. Қайтсін енді, еріккен бойдақ командирлерді шақырса, өзінің ертеңгі қуанышты тойын азапқа айналдырмай ма?

2

Біз үлкен селоның шетінен оқшау салынған особнякта тұрамыз. Бұл өзі заманында бір мықты байдың үйі болу керек — еңсесі биік, екі қанатын кең жайған келісті үй. Ауласының шет-шетінде шағын ғана екі-үш бөлмеден кішкентай үйлер бар — оны флигель дейді екен. Бұларда осы мықтының күтуші, қызметшілері тұрса керек. Біздің полктың семьясы бар командирлері осы особнякқа түгел сыйып кетті. Мықтырақтары ана үлкен үйдің өзінде тұрады да, біз сияқтылары бір бөлме алып флигельде тұрамыз. Ауланың іші аллеялары бар, кәдімгі парк, әр жерде скамейкалар, беседкалар. Жалпы тұрмысымыз жаман болған жоқ.

Осы бір рахат жерге келіп орналасқанмызға айдап асып кетті. Әйелдер: «Нағыз курорт», — деп, қуанып жүр. Тек бір ыңғайсызы күйеулеріміз таңертең қызметке кетеді, содан қара кеште бір-ақ оралады. Жаздың ұзақ күнінде өңшең әйел қаламыз. Әйел деген халық, айналып кетейін, жақсы ғой, тек өздері бірыңғай қалған жерде шаң-шұғы да көп болады екен.

Бірақ біз жабайы әйелдер емес, қызыл армия командирлерінің әйелдеріміз. Біздің де өзімізге лайық бастығымыз, тым жақсы тәртібіміз бар. Полктың әйелдер советі — деген ұйымымыз бар. Оның бастығы полк командирінің әйелі Елизавета Сергеевна дәрежесі үлкен болғанмен, өзі кішкентай адам. Аузы, мұрны, қол-аяғы бәрі де шағын ғана келген, ып-ықшам. Кішілеу ғана шүйке бас, сопақ бет, қоңырқай жүзді кісі, ұшы шошайыңқырап көтерілгені болмаса, мұрны да пістедей. Сөйлегенде, жұқалаң ерні тісіне жабысып, аузын шымшып сөйлейді.

Бұл әйел сырт адамға, бір қарағанда, қораш көрінер, бірақ біз үшін аруағы асқар таудай. Кішкентай кеудесі шошайып, аяғын пығыз басып, ол келе жатқанда, өзіміз қаймығып, етек-жеңімізді жия бастаймыз. Кісіге кейігенде, тәкаппар жүзінен ызғар тепсініп тұрады.

— Сіз неге бүгін саяси сабаққа келмедіңіз?

Даусын көтермесе де, әр сөзін шегелеп, пығарлап айтады. Кішілеу тарғыл көзінде сүспен қабат аңы мысқылдың

ұшқыны суық жылтырап, өзі де, шегелеп тастағандай, нығыз тұрады.

— Мен бір үйдің ішінің кір-қоңын жуам деп...

— Саяси сабақтан қалуға ешқандай дәлел қабылдамайды. Ал кір жуу деген тіпті де дәлел емес. Мәселенді әйелдер советінде қараймыз.

Көбіміз-ақ Елизавета Сергеевнадап мықтап қаймығамыз, шүйкедей болғанымен, алды қатты кісі. Біздің аразымызда да әскери қатал тәртіп орнатпақ ойы бар.

— Біздер командир әйелдеріміз. Әскер бөлімінің жанында тұрамыз. Сондықтан бізге де әскери тәртіп керек. Салдыр-салақтықты жою керек. Тәртіпке бағынбаған әйел жолдастарға қатал шара қолданамыз, — деп талай сөйлеген.

Күйеулеріміз ертеңгі асын ішіп қызметке кетіп, үй-ішіп жиыстырып болған соң, сәске түсте Елизавета Сергеевна бәрімізді жинап алады. Көбіне үлкен беседкаға жиыламыз, не бары жиырмаға тарта әйел дөңгелек кең беседкаға түгел сыямыз. Бүгін де айтқызбай жиналды, Елизавета Сергеевнаның төрде председателдік орны бар, ол соған барып отырды. Оған жалғас оның орынбасары, полктың штаб бастығының әйелі Алевтина Павловна келіп отырды. Алевтина Павловна ақсары, сұлу келіншек, оның аты қандай құлаққа майда жұмсақ болса, кісінің көзіне өзі де сондай әсер етеді. Денесі аршыған жұмыртқадай жұп-жұмыр, сәл ғана ұрты білініп, бұғағы үлбіреген дөңгелек жүзді, ұш жағы қайқайған кішілеу ғана «ерке мұрын». Мұның да шертіп тұрған әсем кеудесі мен жас баланың білегіндей тамағын, әсіресе сүйіске құштар үлбіреген ернін көргенде, талай еркек тамсанар еді, бірақ бұл маңда оған өресі жететіндер жоқ. Ол штаб бастығының, майор Масловтың әйелі.

Алевтина Павловна өз бағасын жақсы білетін кербез келіншек, бәрімізге де жоғарыдап төмен сәл мүсіркей қарайды. Бірақ, сопысын өзімсіпген еркелігі басып кетеді де, сенің намысыңды шабақтамайды. Басына қонған бақыты мен құдай берген ажар, көркі бірдей болса, қай келіншек бұлғақтамайды. Алевтина Павловна тек Елизавета Сергеевнаға ғана кішілік көрсетеді, оның алдына шығып сөйлемейді. Елизавета Сергеевнаны сөйлетіп қойып: «Қайтесің, айта берсін», — дегендей, сәл ғана езу тартып жымып, өзі зерігіп үнсіз отырады.

Елизавета Сергеевнаның сол жағына әйелдер советінің хатшысы ицеліктей қатқан арық, сұңғақ бойлы Маруш Аршаковна келіп отырды. Мұның тұлғасы мен келбеті Алев-

тина Павловнаға қарама-қарсы жаратылған, бірі күн болса, бірі түн сияқты. Маруштың шашы көмірдей қара, жылытыратын ортасынан қақ айырған, биік қабақты, үлкен доңес мұрынды қатқан қара торы келіншек. Әйелге сонша үлкен мұрынның жарасқанын алған рет осы Маруштан көрдім. Егер мұрны осыдан кішілеу болды бар ғой, анау биік қабағына, тостағандай қара көзіне, мына жақ бітіміне жараспас еді. Арық болғанмен, арсып тұрған жоқ, денесі де жинақы, сымбатты, тек бір ғана айыбы қушықтау иығына ірі жүзді бас қондырысы үлкендеу. Орыс тілін басқа бір нақышқа салып, әсем бүлдіріп сөйлейді. Оған Алевтина Павловна «Шығыс мадоннасы» деп ат қойған.

— Мен қайдан Мадонна болам. Мадонналар сен сияқты толық болады. Нағыз славян мадоннасы өзіңсің, — деп күледі оған Маруш.

Маруштың жас шамасын айыру қиын, Елизавета Сергеевна сияқты отыздан әжептәуір асып кетсе де өзі білсін.

Елизавета Сергеевна столды тықылдатып төртіпке шақырды да, сөзін бастады.

— Жолдас командир әйелдері, мәжілісімізді бастаймыз. Өздерің білесіңдер, ертең күн демалыс. Бірсыпыра жолдастар Брестке барады. Қалғандары өз қалауынша демалады. Ал, біздің көптен бері қанша талқылап, шеше алмай...

Осы кезде Наташа деген келіншектің емшектегі баласы шырылдап жылап қоя берді. Өзім де неғып жыламады деп отыр едім, бұ баланың күндегі әдеті осы — Елизавета Сергеевна сөз бастарда, шырқын бұзады. Шешесі Наташа сидиған бойы болмаса, бір шайнам еті жоқ, адырақ көз арық келіншек. Жас та болса кеудесіне жабысып, солып қалған емшектен не сүт шықсын, содан болар, баласы зар жақ, жылауық-ақ. Өкшесі қана көрмеген Елизавета Сергеевна қоныз жұтып қойғандай тыжырынды.

— Наташа, Наташа, жұбатсаңызшы. Ылғи өстіп жиналыстың шырқын бұзасыз.

Наташа еш уақытта кісінің бетіне келмейтін келіншек: «І-і-і» деп бебеу қағып, баласын әлдилейді. Бала ерегискендей, одан сайын бақырады.

— Бері әкелші маған, — деді осы кезде бір әйел.

Бұл — Валя. Кеспелтек, балғадай келіншек, мұның да емшекте баласы бар. Баласының екі шекесі торсықтай.

— Бері әкел. Мен емізіп берейін, — деді Валя.

Елизавета Сергеевна тағы бір қонызды жұтып қойды.

— Валя, қалай ғана ұялмайсыз. Осындай жиналыстың

үстінде емізіп отырмақсыз ба? — деді Елизавета Сергеевна, жұқа танауын тыжырып.

— Е, емізсе несі бар, басқа ешкім жоқ. кілең қатындар емес пе, — деп, шап ете қалды шүйкедей арық әйел. Бұл кәдімгі аты шулы ұрысқақ Муся.

— Муся... ә... Мария Максимовна, осы дәрекіліктің керегі не? Қатындар деп... Сіз совет командирінің әйелісіз.

— Е, немесе, қатын демей, «әйел» деп сызылғанда, қайтадан қыз болармын деп пе ең? Сені мен біздің қыз дәуреніміз енді айналып келмейді. Қатынның аты қатын, — деп, ұрысқақ Муся бастықтың өзін тойтарып тастады. — Одан да емізсін ана Валя. Екі емшегі екі сиырдың желініндей. Жетеді. Наташа деген, жас та болса, мен сияқты кеуіп қалған қу шандыр емес пе?

Бұл фаниде Елизавета Сергеевнаның жалғыз қорқатын адамы — осы ұрысқақ Муся. «Пәледен машайық қашқан» деген емес пе, өзін «полктың анасы» санайтын, бізге әмірін мықтап жүргізетін Елизавета Сергеевна осы ұрысқақ Мусяға келгенде, тайқып шыға келеді. Бастығымыз үнсіз қалды — опысы Мусяның айтқанына амалсыз көнгендігінің белгісі.

Валя өз баласын Наташаға ұстатты да, оның жылауық баласын баурына салды. Ұрысқақ Муся бекерге шабалаңдамаған екен, зар жақ бала Валяның кеудесіне жете бере жым болды, тіпті құлқыны кеуіп қалған екен, сораптап емгеніне дейін естіліп тұр. Бір сәт бәріміздің көзіміз ашқарақ балаға шүйілген екен, Елизавета Сергеевна есіп жиып, үзіліп қалған баяндамасын қайта жалғады.

— Жолдас командир әйелдері, үлкен қаладан шет тұрғандықтан, сіздердің ешқайсыларыңыз қызмет істемейсіздер. Уақыттарыңыз босқа кетіп жатыр. Әйелдер советі сіздердің сол бос уақыттарыңызды пайдалы нәрсеге жұмсау жайлы мәселе қарады. Ақылдасып келгенде, өте маңызды екі шешім қабылдадық. Біріншісі — неміс тілін үйренетін үйірме ашамыз. Күніне екі сағат сабақ өткізіледі. Светлана Андреевна, — деп Елизавета Сергеевна Светаға бұрылды. — Сабақ беруге сізді тағайындамақ болып ұйғардық.

— Бізге Света сабақ бере ме? — деп шықылықтап кеп күлді ұзын бойлы, иығы еңкіштеу, қызыл бет келіншек.

— Ә-ә, Муся, сіз несіне күлесіз? — деп кейіді Елизавета Сергеевна.

— Жоға, әншейін, — деп Муся одан бетер сықылықтады. — Мен жәй... h-e-he-he.

Екі Мусяны шатастырып алмас үшін, жұрт бұл келін-

шектің атып «Күлегеш Муся» қойған-ды. Опың ерекше бір қасиеті көбіне күлетін жерде күлмейді де, нағыз бір күлмейтін жерде күледі. Бір күлсе, көшке дейін тоқтай алмайды.

— Елизавета Сергеевна, менің өзім пеміс тіліп мардымды білмеймін. Кімге ұстаз бола алам? — деді Света қызара бөртеп.

— Шырағым Света, біз әуелі сенің білгеніңді біліп алайық, — деді Маруш болар-болмас қана езу тартып. — Содан кейін ар жағына басқа мұғалім іздерміз.

— Қоғамдық тапсырмадан бас тартуға болмайды, — деді Елизавета Сергеевна аузын шымшып сөйлеп. — Светлана Андреевна, сіз де, біз де әйелдер советінің шешіміне қалтқысыз бағынамыз. Сонымен бірінші мәселені қабылданды деп есептейміз ғой, әйел жолдастар? Кәне, дауысқа қоям. Құптағандарыңыз қол көтеріңіздер.

Света қызарып төмен қарап отырып қалды, өзгелеріміз қол көтеріп құптап шықтық. Әйел бастығымыздың екінші мәселесі тігін үйірмесін ұйымдастыру екен. Бұл да жақсы-ақ нәрсе — екі қолың алдыңа сыймай, бос отырғанша, онерге үйрелесің, балаңның койлек-көншегін қайысаң да, не зияны бар. Маруш Аршаковна шебер екен — сабақ жүргізеді. Әйелдер бұл ұсынысты жамырасып, жабыла қоспап еді, бірақ артындағы бір кілтифанына келгенде, екпіндері қайтып қалды. Ол — тігін машинасып сатып алу, сол үшін кісі басы ақша жинау, және сөзбұйдаға салмай, ертең Брестке барғанда ала келу керек. Қинаған жері осы ара. Тіпті, бар болса да, қапелімде қалтадан ақша суырып беру... Ойламаған, күні бұрын есепке кірмеген шығын. Есепсіз ақша кімде бар... Елизавета Сергеевна шырылдап қанша үгіттегенмен, бола қоймады. Артық ақша жоқ... Ойлану керек. Әрине ақша жинау керек қой, бірақ қапелімде... Кешке күйеуіміз келсін... Қанша айтқанмен, ақша табатын солар ғой... Ақылдасайық... Ертеңнеп басқа да жексенбі бар ғой. Брест те қашық емес... Келесі жұмада барса да...

Бұл мәселе осылай жіңішкеріп барып сыырқұйымшақтанып бітіп еді...

3

Елде менің Қамқа деген әжем бар. Жақсылық пен жамандықты күні ілгері сезетін «көріпкелі» бар адам. Оң көзі тартса, қуанады; сол көзі тартса, ренжиді, болашақ көп

нәрсені түсінде көреді де, соларын айнытпай жориды. Үйге ақша түсе қалса: «Е, бәсе, кеше уысым қышып еді», — деп; алыстан сағынған адамы келсе: «Алдыңғы күні түсімде бір табақтан ас ішіп отыр едім-ау», — деп, бәрінің үстінен түсетін. Жасым он тоғызға қараған дырдай келіншек болсам да, Қамқа әжемнің сол «көріпкелі» маған қосбапты. Қырық бірінші жылдың жиырма бірінші июнь күні маған жамандық емес, жақсылық әкеле жатқандай көрініп, жағам жайлау, жайбарақат жайсаң күн болды да, бар оқиғасы бадырайып көз алдымда тұрып қалды.

Сол күннің өзі де толысып піскен жемістей толықсып тұрған-ды. Шаңқай түске қарай көтерілген күн, ыстық аштабымен күйдірмей, қалың ағашқа, найқалғап көк шалғынға, құйқалы топыраққа мол қызуын сіңіріп балқытып келеді. Шуақ қою ауа жұмсақ жылуын бүкіл тәніңе дарытып, өң бойыңды ұяң тартқызып, көңіліңді тыныштыққа, бейбіт рахатқа бөлейді. Жасыл көк шөптің, қызып келе жатқан дымқыл жердің исі аздап мас қылғандай басыңды айналдырады. Кепет мұрныма еміс қана саумалдың исі келгендей болды — ол қай шөптің исі екенін ажырата алмадым.

Адам ертеңгі күнінің не боларын білмейді. Бірақ ақыл-ойдың болжамы жетпеген нәрсені кейде тәнің сезетіп сияқты. Бірнеше жылға созылмыш азап пен мұхнат алдында дүниенің бар жылуы мен тыныштығын, аз ғана рақатын әр клеткасына сіңіріп алғысы келгендей, бар денем балбырап, болашақ қауіп пен қатер, жан ұшырған үрей алдында — тынығып алғысы келгендей, көңілім де жай тауып, жадырап келеді. Аллеядағы скамейкада Света екеуміз отырмыз. Үндемейміз. Светаның барлық төмен етектіден артықшылығы да осы. Құлағың тыныш. Қасыңда бір жақсы адам барын біліп, бүйірің жылып отыра бересің.

Света бір кезде маған қарай қисайды да, белімнен құшақтап алды.

— Надя, — деді содан соң. Мұндағы орыс әйелдері менің Нәзира атымды «Надяға» айналдырып алған... — Мен әйелдерден естіп сенбей жүрсем. Рас екен ғой.

Ол жұмсақ алақанымен менің құрсағымды майда сыпырып өтті.

— Рас, — дедім мен.

— Мен де аңқаумын. Сенің қасыңда жүріп, жұрттың ең соңынан біліпін. — Света кішкене қабағын шытып отырды да. — Апыр-ай, бекер болғав екен мұның, — деді.

— Неге?

— Сен немене, еш нәрсені сезбейсің бе? — деп Света қабағын көтеріп таңырқай қарады. — Шекарада тұрмыз. Ертең не боп кетерін қайдан білесің?

О жағын мен ойламапшып. Рас, шет жерде, бір қиырда жүргенде аяғым ауырлағанына көңілім күпті болатын. Әйтсе де, жалғыз емесің. Арқа сүйер азаматым бар.

— Не ғылар дейсің. Күнім жақындағанда елге қайтам ғой, — дедім.

— Әйтсе де, сақтануың керек еді, — деді Света.

— Ау, қалай сақтанам? — деп таңырқадым. Шынында да осы күпге дейін біздің халықта баладан сақтанды дегенді естіген жоқ едім.

— Өзің сақ боласың да, — деді Света мойнымнан құшақтап... — Еркек шыдамсыз болады ғой. — Света менің мойнымды босатып, туфлиінің тұмсығымен дымқыл жерді түрткіледі. — Біздің Николай да бала сүйгісі келеді. Бірақ мына жағдайда... Білмеймін. Өзім секемшілмін бе, әйтеуір қобалжи берем.

Мен де қобалжи берем, бірақ менің қобалжуым басқа. Әуелі әйел болып бір үйдің тұтқасын ұстағанымна сені алмай бір түрлі боп жүрдім, және үй дейтін қайбір үйің бар, айналдырған екеусің. Оның үстіне адам сияқты елде — ағайын-туғанның арасында түтін түтетің отырған жоқсың. Жел айдаған қаңбақтай, қос чемоданыңды қолыңа алып... Әскердегі жігіттің қанжығасында... Өз жағдайымды өзім онша түсіне бермеуші едім. Енді аяғым ауырлап мынадай халге ұшырадым. Осы мен шынымен ана болып, бала сүйем бе? Амаңдық болса, солай болуға тиіс қой. Бірақ... тағы да бір түрлі... қобалжи берем. Әлде Светаның айтқапы дұрыс па? Ол бұдан бұрын да бір жолы сақтанып жүргенін айтып еді, онда мен елеген жоқпын-ды, қазір ойлап қарасам... қашан орнығып, бір ыңғайлауың алғанша... оның сөзінің жаны бар сияқты.

Қайтеміз енді, әркім бұйырғанын көреді де.

Әнекей бір топ бала ойнап жүр. Олар да осы командир балалары. Төрт жасар, сары шапты бала:

— Стоп! Смилно! — деп айқай салады.

Ол штаб бастығы, майор Масловтың баласы. Түр келбеті шешесі Алевтина Павловнаға тартқан — бөртіп шіскен нандай топ-томпақ, ойнап жүрген балалардың ішіндегі ең кішкенесі сол болса да, өзгелеріне өктемдік жасап команда беріп жүр. Балалардың ойынында ылғи командирі сол болады. Сондықтан ба, әйтеуір оны үлкен-кішісі бірдей «Вовка командир» атап кетті. Баласының осы лауазымы

ата-анасына да ұнайтын болу керек, өйткені «Вовка командир» деген атты балалардан гөрі үлкендер көбірек айтады, әсіресе майор Маслов пен Алевтина Павловнаның құлағына жетеді-ау деген жерде:

— Вовка командир, сенің әскерің қайда? Кәне, сапқа тұрғызышы.

— Өзі аумаған майор Маслов. Түбі мықты командир болады. Нағыз жаугер.

— Болатын бала қаршадайынан-ақ көрініп тұрады. Өзінде нағыз командирдің тегеуріні бар,— деп қошеметтей еркелетіп жатады.

Алевтина Павловна жақынырақ жерде болса:

— Көп мақтай бермеңіздер. Бала дандайсын кетеді,— дейді назданып.

Бұл Алевтина Павловнаның бер жағы, ар жағында баласының жұртты тамсандырған қасиетіне деген мақтаныш жатыр, даусының назды шығатыны да содан. Жалпы Алевтина Павловна көбірек назданады. Басқа біреу сөйтсе ерсі көрінер еді, ал толықсыған сұзу келіншекке бәрі жарасады.

Бала атаулы соғыс ойнағанда командир балалары қайтіп қалсын, бұлар да әскер болып ойнайды, үлкендерден көргенін істейді. Вовка командир сынық сүйем бойымен шіреніп тұра қалып, бір қолын шолтаң еткізіп, созып:

— Стлойся! Становись!— деп айқайлайды.

Балалар сопы қызық көріп, жапа-тармағай жүгіріп келіп сапқа тұрып жатыр. Баладың аты бала емес пе, шартта шұрт ұрысып, таласып қалады.

— Мен алға тұрам.

— Жоқ мен алға тұрам. Менің бойым ұзып.

— Жоқ, жоқ, қарашы. Міне менің бойым ұзып. Төбем артық тұрған жоқ па?

— Мә, сен аяғыңды ұшынан баспа. Көле, қарсы тұрып мұрнымызды тақастырайықшы.

Бұлардың ішінде бізбен бір флигельде тұратып көршіміз Ираида Ивановнаның алты жасар Шуригі мен бес жасар Борисы да жүр. Ол екеуі басқа балалардай ілгері тұруға таласпайды да, көп шуламайды, аналарына тартқан салмақты, момақан ғана. Вовка командирдің айтқанын істеп, көрсеткен жеріне тұра береді. Тек «мен Борядан ұзынмын, мен мұнда тұрам», деп араларына басқа бала кіріп кетсе, оған көнбейді. Екеуі егіз қозыдай, жұбы жазылмайды. Бірақ бұлар ата-анадан екеу ғана емес, Ираида Ивановнаның төрт баласы бар, Ең үлкені Ваня жетіден

сегізге қараған, кішісі емшекте. Ванясы ертерек ссейген, ойыннан гөрі шаруаға үйір — көбіне кішкентай інісін бағады, су әкеледі, үй шаруасында шешесінің нағыз қолқанаты. Ағалары шешесінің қасында болған соң, Шурик пен Боря жұбын жазбай бір жүреді де, бірге ойнайды. Ираида Ивановнаның балалары алтын асықтай. Орта бойлыдан төмен, толықша келген шешелері мінезге бай, жайсаң адам болғанға ма, балалары да орнықты, шыр еткен даусын естімейсің.

Еркек балалармен бірге ұрысқақ Мусяның қызы Люся да соғыс ойнап жүр. Ол жеті жаста. Сорайып балалардың ең алдына тұрып алған, шешесіндей емес, бойшаң болатын түрі бар.

— Вова, Вовочка, мен саған орынбасар болайын. Қазір мен команда беріп, саған баяндайын, — деп жалынады Люся.

Кіп-кішкентай боп шіреніп тұрған Вовка-командир оны менсінетін емес.

— Қыздар командир болмайды, — дейді ол.

— Мен орынбасар болам.

— Жоқ, мен болам, — деп балалар тағы да жамырай шулап кетеді.

Мен балалардың ойынын қызықтап отырғанмын. Света үндемей отыра беруге іші пысты ма:

— Июнь айы да бітіп қалыпты-ау, апырай-а? — деді есінен.

— Иә, бүгін жиырма бірі. Ертең Брестке барамыз. Қалаға барған соң, сендерге қонақ боламыз ба?

— Николай туған күнімді мейрамдаймын дейді, — деді Света сол бұйығы қалпынан серпілмей. — Мейлі. Қарсы болғаным жоқ. Кісі жиырма беске күнде келмейді. — Ол жұп-жұмсақ білегін менің мойшыма артты. — Сен ғой, әлі жиырмаға келген жоқсың, Надя. Қандай жасың. Туған күнің қашан?

Туған күніңді білмеген шынында да ұят екен, жауап бере алмай қысылып қалдым. Менің білетінім доңыз жылы туыппын, ол жиырма үшінші жыл, дәлірек айтқанда көктемге қарсы — наурыздың іші болса керек, — оның бәрі Светаға қалай түсіндірем. Көп сөзден үндемей құтылатын әдетім бар еді, оның үстіне Светаның бір рахаты жауап бермесең қазбалап сұрамайды. Жаңа ғана берген сауалын әп-сәтте ұмытып кеткен адамдай, қысылмайсың.

— Мен күзде жиырма екіге шығам, — деді Света. —

Сөйтіп жыл дегенің өте береді. Өте береді. Бір күні қартайғаныңды да білмей қаласың.

Светаның ойына кәріліктің қайдан келгенін білмеймін, өз басым осы аз жасымда кәрілікті ойлап көрген емеспін, ол әзірге менің қолым жетпейтін алыс дүние. Тезірек үлкендер сапатына қосылу, ұл болсын, қыз болсын, бар баланың асыға күтетін арманы емес пе, мен қайта ер жетуге асығушы едім.

Кішілеу кезінде кейбір үлкендер сені баласынып, кішірейте сөйлесе — дүниеде қор қылатын нәрсе сол болушы еді. Бірақ қазекеннің бір жақсы жері қыз баланы онша кішірейте бермейді, қайта ертерек есейтеді. Он төрт, он бестеп былай қарап-ақ болашағыңды ойлатады. Өйткені он сегізден асса-ақ өтпей отырған кәрі қыз деген жамап атақ бар. Ондай атақтан қыздың өзі ғана емес, ата-анасы, аға-жеңгесі, төңірегі түгел қорқады.

— Қасымбекке қалай ғашық болғаныңды айтшы, — деді Света кенет менің иығымда жатқан жұмсақ білегімен мойнымнан құшақтап, даусында әлденені аңсаған армап бар. Даусында ғана емес, бүкіл өн бойында бір аңсау бар сияқты.

Мен үндей қоймап едім.

— Айтсайшы, нең кетеді, — деп жармасты. Кісіге ондай қадалмаушы еді.

— Білмеймін, — дедім мен.

— Білмегені қалай?

— Әйтеуір ұнатқан болуым керек. Ал былай өліп-талып... Қойшы, одан да Николайға ғашық болғаныңды айт өзің, — деп мен де жармаса кеттім.

Света кішкене үндемей ойланып қалды да, күліп жіберді.

— Мен де білмеймін. Ақ көңіл елпілдеген жақсы жігіт екен. Бір көргеннен есі кетіп бәйек болды да қалды. Тіпті жанын беруге бар. Менің бетімді бері қаратқан сол ықласы болу керек. Әйел қанша асқақтағанмен еркектің ықласына түсіп қалады ғой.

— Сонда қалай?.. Әйелдер ғашық бола білмей ме? Тек еркектердің дегеніне көне бере ме? — дедім.

— Әрине, — деп күлді Света. — Алдымен көзі түсіп айналдыратын еркектер емес пе. Ендеше біз солардың жетегінде кетеміз де, ғашық болдық деп өзімізді алдарқатамыз.

Ойланып қарасам мына сөзінің жаны бар сияқты. Әрине енді, көңлі қаламаса кісі қырындаған еркекке көнбейді

ғой, бірақ... Менің түсініп те, түсіне алмай, көзім жыпылықтап қипалып отырғанымды байқады ма, Света бетіме қарап жымып қойды. Содан, маған ықласы түсіп кетті ме, әлде ішкі қатпарын ақтарып тазарып алғысы келді ме, кейде адамда ондай да болады, иығымнан қаусыра құшақтап:

— Менің қалай ғашық болғанымды білгің келіп бара ма?— деп күле сұрады.

— Иә, білгім келеді.

— Шынында мен де ғашық болғанмын. Тіпті есім кеткен кездері болды.

— Николайға ма?— депшін мен де қарап отырмай.

Света ыңғайсызданды ма, сәл іркіліп барып:

— Жоқ,— деді.— Сен оған таңырқамай-ақ қой. Жұрттың бәрі алғашқы сүйген адамына тие бермейді. Оның үстіне, о кезде, мен әлі ақыл тоқтатпаған жас едім. Әкем Ленинградта үлкен қызметкер еді, бір үйдің ерке өскен жалғыз қызы. Тіл де үйретті, музыканы да үйретті. Он жетіге келмей жатқанымда-ақ қырындаған жігіттер де көп болды.— Света мырс етіп күліп қойды.— Мен өтімді қыз болдым, Надя. Бірақ менің көңлім бір балаға ғана ауды. Саша, аты Александр болатын, менен бірер жас үлкендігі бар. Жалғыз шешесі ғана бар, өздері тым жұпыны тұратын. Бірақ өз талабымен оқуға түскен студент еді. Өзі сымбатты, сұлу жігіт болатын. Кордің бе, Надя, менің сұлу жігіттерім де болған,— деп Света иығымнан қағып қойды.

Бәсе, Николайды, бұған өзгелер ғана емес, өзі де қомсынады екен ғой. Өйтпенгенде қайтсын, көрініп тұрған нәрсе емес пе.

— *Жас адамның алғашқы махаббаты деген қатты болады ғой, мен де сол жігітке қатты құладым. Бір күн көрмесем, дүниеде мен үшін ондай азап болмайтын. Адам деген қызық-ау, біреуді жақсы көрсең, оның өзі ғана емес, бүкіл төңірегі, киген киімі, ұстаған мүлкіне дейін ыстық болады екен. Айттым ғой, жұпыны тұратын адамдар еді, маған солардың кішкентай бөлмесі, үй ішіндегі тозығы жеткен мүлік жабдықтары түгел ұнайтын. Сол жігіттің шешесі де маған қатты ұнаған. Жасы елуге жақындағанмен бір ерінбейтін іскер адам еді, жоқты бар қылып, үй ішін де тап-тұйнақтай таза ұстайтын. Саша шешесін жақсы көретін де, бір сөзін екі етпейтін. Содан ба, оның шешесін мен де жақсы көріп кеттім. Бірақ Раиса Семеновнаның өзі де жақсы көрмесіңе қоймайтын адам болатын.*